ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ТІЗІМІ

КӨНЕ ДӘУІРЛЕРДЕН – XIV ҒАСЫРҒА ДЕЙІН ӨМІР СҮРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР			
1.	Алып Ер Тоңға	–	(б.з.д. VII) Тұран елінің әйгілі билеушісі.
2.	Анахарсис	–	(б.з.б. 605-545 ж.ш.) Сақтардың Гнур патшасының ұлы. Афиныға Солонның кезінде барып қызмет жасаған. Б.з.д. VII-VI ғғ. Ежелгі Грекиядағы «Жеті данышпанның» қатарына кіргізілген.
3.	Томирис	–	(б.з.д. 570-520) Сақ халықтарының ел билеген атақты патшайымы.
4.	Мөде қаған	–	(б.з.д. II-I ғғ.) Ғұн империясының негізін қалаушы.
5.	Еділ қаған	–	(400-453 жж. өмір сүрген) Батыс ғұн тайпалар одағының аты аңызға айналған көсемі. Адамзат тарихында өзіндік орны бар тарихи тұлға.
6.	Алпамыс батыр	–	Мөлшермен ерте ғұн дәуірі және түркі дәуірінде есімімен басқыншы жауға қарсы ерлігі халық арасына кеңінен тараған батыр.
7.	Бумын қаған	–	(545-552) Алғашқы Түрік қағандығын құрушы, қаған.
8.	Бәйдібек би	–	(VI-VII ғғ. өмір сүрген) Қазақ елі мен жерінің тұтастығын қалыптастыру жолындағы аты аңызға айналған тұлға.
9.	Арыстан баб	–	(VII ғ.) Әулие.
10.	Тоныкөк	–	(шамамен 646-731 жж. өмір сүрген) шығыс Түркі Қағанаты заманындағы абыз, қаған кеңесшісі.
11.	Білге қаған	–	(681-734 жж. өмір сүрген) Шығыс Түркі Қағанатының қағаны.
12.	Күлтегін	–	(684-731 жж. өмір сүрген) Шығыс Түркі Қағанатының қолбасшысы.

13.	Йоллығ-тегін	–	(VII ғ. аяғы-VIII басы) Жазушы, тарихшы. Екі бірдей орхон жазбаларының авторы. Шығыс Түркі Қағанатының қағаны.
14.	Қорқыт ата	–	(IXғ.) Түркі дәуіріндегі ұлы жырау.
15.	Әл-Фараби	–	(870-950 жж.) Орта ғасырдағы түркі әлемінің данышпан ойшылы, энциклопедист ғалым.
16.	Бұғра хан	–	(915-955 жж.) Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы.
17.	Жүсіп Баласағұн	–	(1017-1075 жж.) Түркі дәуіріндегі «Құтты Білік» дастанының авторы.
18.	Махмұд Қашқари	–	(1029-1101 жж.) Түркі дәуіріндегі ғұлама-ғалым, түркітілдерінің сөздігін жасаушы.
19.	Қожа Ахмет Йассауи	–	(1093-1166 жж.) Түркі дәуіріндегі діндар-философ, сопылық ілімнің негізін қалаушы.
20.	Майқы би	–	(1105-1225 жж. өмір сүрген) Қазақ халқының төбе биі.
21.	Тұғырыл хан	-	(1130-1203 жж.) Шыңғыс хан дәуіріндегі Керей, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Жалайыр т.б. ежелгі мемлекеттердің тұсындағы әйгілі хандардың бірі.
22.	Кетбұға	–	(шамамен 1150-1225 жж. өмір сүрген.) Жырау, күйші, аңыз кейіпкер, қазақтың ұлы жыршысы.
23.	Ахмет Йүгінеки	–	(XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басы) Ортағасырлық ақын, хакім, ойшыл.
24.	Мұқали батыр	–	(1169-1223) Мұқали батыр Шыңғыс хан әскерінің сол жақ қанатының бас қолбасшысы болған, 95 мың әскерді басқарған.

25.	Жошы хан	–	(1187-1227 жж.) Алтын Орданың негізін қалаған хан.
26.	Тайбұға хан	–	(1201 - 1290 жылдар) хан, Батыс Сібірді басқарған, керей ханы Тұғырыл ханның ұрпағы. Хандық құрған мерзімі 1220-1290 жылдар.
27.	Берке хан	–	(1209-1266 жж.) Алтын Орданың алғашқы мұсылман дінін қабылдаған ханы.
28.	Бейбарыс сұлтан	–	(1223-1277 жж.) Мамлюктердің төртінші сұлтаны, Мысыр елін 17 жыл билеген, аса көрнекті әскербасы.
29.	Жамал Қарши	–	(1230-1315 жж.) жазушы, тарихшы. Ол Орта Азия мен Қазақстан қалаларының саяси өмірі мен мәдени, шаруашылық құрылысының тарихын суреттеген.
30.	Едіге	–	(XIII-XIVғғ.) Түркі халықтарына ортақ батыр.
XIV-XVIII ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР			
31.	Ұрыс хан	–	(т.ж.б – 1377 ж.) Ұрыс ханның билігі тұсында Ақ Орда Алтын Ордадан бөлініп шыққан соң, тәуелсіз хандық болып жарияланды.
32.	Сыпыра жырау	–	(шамамен XIV ғ.ө.с.) Жыршы, суырып салма ақын.
33.	Асанқайғы жырау	–	(XIV-XV ғғ.) Көшпелілер философы, данышпан.
34.	Қазтуған жырау	–	(XIV-XV ғғ.) Жырау.
35.	Тоқтамыс хан	–	(шамамен 1350-1406 жж.) Алтын Орда ханы.
36.	Домалақ ана	–	(1378-1456 жж.) Есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі.
37.	Ұлықбек	–	(1394-1449 жж.) белгілі түркі ғалымы, астроном, математик. Орта ғасырлардағы

			басты обсерваториялардың бірінің негізін қалаған.
38.	Алаша хан	–	(XIV-XV ғғ.) Батыр, би, ұлыс билеушісі.
39.	Қобыланды батыр	–	(шамамен XV ғ.) Қазақ хандығының қалыптасуының бастапқы кезеңіндегі атақты батыр.
40.	Орақты батыр	–	(1420-1501 жж.) Батыр. Керей мен көкжал хандардың тұстасы.
41.	Әлішер Науаи	–	(1441-1501 жж.) Түркі халықтарына ортақ ұлы ақын, ойшыл, мемлекеттік қайраткер.
42.	Керей хан	–	(1465-1478 жж.) билік құрған, Қазақ хандығын негіздеуші.
43.	Шора батыр	–	(туған жылы белгісіз – 1546 ж.) Батыр.
44.	Шалкиіз жырау	–	(шамамен 1465-1560 жж өмір сүрген) Жырау, орта ғасырлардағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі.
45.	Жәнібек хан	–	(1478-1480 жж.) билік құрған, Қазақ хандығын негіздеуші.
46.	Доспамбет жырау	–	(1490-1523 жж.) Жырау, қолбасшы батыр.
47.	Мұхаммед Хайдар Дулати	–	(1499-1551 жж.) Ортағасырлық тарихшы, «Тарих-и Рашиди» кітабының авторы.
48.	Ер Қосай батыр	-	(1507 -1594 жж.) Қазақ ұлты мен мемлекеттігін нығайтуға үлес қосқан ірі тарихи тұлғалардың бірі.
49.	Қасым хан	–	(1511-1518 жж.) билік құрған қазақ ханы.
50.	Қапал батыр	–	(1513-1606 жж.) Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ батыры.
51.	Қадырғали Жалайыри	–	(1530-1605 жж.) Ортағасырлық тарихшы. «Жамиат-тауарих» кітабының авторы.

52.	Хақназар хан	–	(1538-1580 жж.) Билік құрған қазақ ханы. Қасым ханның баласы. Қазақ хандығын нығайтуға айрықша үлес қосқан хан.
53.	Жиембет жырау	–	(1570-1575 жж.) жылдар шамасында туып, 1643 жылы қайтыс болған) Жырау, батыр.
54.	Досмұхамбет би	–	(1570-қ.ж.жылы белгісіз) Қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі болған. Өзбек хандықтарына қарсы күресте, әскери одақтас ету үшін Мәскеумен қарым-қатынасты жолға қою, оңтайлы саясат жүргізу барысында Тәуекел ханды қолдаған, кеңесші болған саяси тұлға.
55.	Жалаңтөс батыр	–	(1576-1656 жж.) Қолбасшы, батыр.
56.	Тәуекел хан	–	(1586-1598 жж.) Билік құрған қазақ ханы.
57.	Қарасай батыр	–	(1589-1671 жж.) Қазақтың hас батыры.
58.	Есім хан	–	(1598-1628 жж.) Билік құрған қазақ ханы.
59.	Ағынтай батыр	–	(1599-1672 жж.) Қазақтың батыры. Есім мен Жәңгір ханның сенімді серіктерінің бірі.
60.	Қожагелді батыр	–	(1622-1705 жж.) Есім ханның балалары Жәнібек пен Салқам Жәңгір хандардың бас батыры болған.
61.	Әнет баба Кішікұлы	–	(1626-1723 жж.) «Жеті жарғыны» құрастыруға қатысқан атақты 7 бидің бірі.
62.	Бертіс би	–	(1633-1707 жж.) Би. 17 ғасырда жоңғар-қазақ соғысының майдандарында ерлік пен тапқырлық көрсеткен билердің бірі.
63.	Сәрке батыр	–	(1680-1724 жж.шамамен) Батыр, палуан.
64.	Сәңкібай батыр	–	(1687- өлген жылы белгісіз) Батыр, әулие, би.
65.	Салқам Жәңгір	–	(1628-1652 жж.) Билік құрған қазақ ханы.

66.	Әйтеке би	–	(1644-1700 жж.) Қазақтың аса көрнекті биі.
67.	Бөкенбай батыр	–	(туған жылы белгісіз-1741 ж.) Даңқты қолбасшы, тарихи тұлға, айбынды саясаткер.
68.	Төле би	–	(1657-1756 жж.) Қазақтың аса көрнекті биі.
69.	Әлмерек абыз	–	(1658-1756 жж.) Батыр, шешен.
70.	Қожаберген жырау	–	(1663-1762 жж.) Жырау-жыршы, қолбасшы, мемлекет қайраткері.
71.	Қазыбек би	–	(1665-1755 жж.) Қазақтың аса көрнекті биі.
72.	Бұқар жырау	–	(1668-1781 жж.) Қазақтың аса көрнекті жырауы.
73.	Есет батыр	–	(1669-1757 жж.) Батыр, қолбасшы.
74.	Таңыбай батыр	-	(1670-1755 жж) Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен, Орта жүз құрамындағы Арғын тайпасынан шыққан батыр.
75.	Қосы батыр	–	(1670-1760 жж.) Жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр.
76.	Жолбарыс би	–	(1671-1761 жж.) Атақты қолбасшы, батыр, шешен, әділ би. Ақтабан шұбырынды жылдары жоңғарлармен болған шайқаста батырлық көрсеткен.
77.	Мөңке би	–	(1675-1756 жж.) Белгілі би, Әбілқайыр хан кеңесшілерінің бірі, жырау.
78.	Ақтамберді жырау	–	(1675-1768 жж.) Қазақтың аса көрнекті жырауы.
79.	Тәуке хан	–	(1680-1718 жж.) Билік құрған қазақ ханы.

80.	Нияз батыр	–	(1689-1775 жж.) Батыр. Би. Қазақ елінің жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде танылған атақты батыр, би. Абылай ханның қолбасыларының бірі болған.
81.	Бөгенбай батыр	–	(1690-1778 жж.) Қазақтың hас батыры.
82.	Әжібай би	–	(1699-1778 жж.) Ақтөбе облысы Би, батыр.
83.	Бопай ханым	–	(1690-1780 жж.) Әбілқайыр ханның зайыбы, 600 адамдық жасаққа қолбасшы болған, аузы дуалы мәмілегер.
84.	Қабанбай батыр	–	(1692-1770 жж.) Қазақтың hас батыры.
85.	Ескелді би	–	(1692-1770 жж.) Батыр, би, шешен. Жоңғар басқыншылығына қарсы соғыста қол бастаған батыр.
86.	Әбілқайыр хан	–	(1693-1748 жж.) Билік құрған Кіші жүз ханы.
87.	Шақшақ Жәнібек батыр	–	(1693-1752 жж.) Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес қаһарманы. Бірінші болып 1742 жылы Тархан атағын алған.
88.	Балпық би	–	(1694-1784 жж.) Батыр, би, шешен. Балпық бидің еліне деген қызметі мен әділдігі туралы Шоқан Уәлиханов, Құнанбай Өскенбайұлы жазған.
89.	Сартай батыр	–	(1711-1785 шамамен жж.) Белгілі батыр, би. Шұбартеңіз, Қалмаққырылған және Аңырақай шайқастарына қатысып, елін, жерін қорғауда ерекше ерлік көрсеткен.
90.	Қанай би	–	(1695 -1780 жж.) Би, қоғам қайраткері.
91.	Өтеген батыр	–	(1699-1773 жж.) Жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақтың белгілі батыры.

92.	Малайсары батыр	–	(1700-1756 жж.) Жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақтың белгілі батыры.
93.	Барақ батыр	–	(1702-1772 жж.) Жоңғар - қалмақ шапқыншылығына қарсы күресте қол бастаған батырлардың бірі.
94.	Сәмен батыр	–	(1704-1777 жж.) Бұланты шайқасында ерлік көрсеткен батыр.
95.	Тәтіқара жырау	–	(1705-1780 жж.) Аңыз бойынша Абылай тұсында өмір сүрген жорық жыршысы.
96.	Райымбек батыр	–	(1705-1785 жж.) Қазақтың hас батыры.
97.	Үмбетей жырау	–	(1706-1778 жж.) Белгілі жырау.
98.	Наурызбай батыр	–	(1706-1781 жж.) Қазақтың hас батыры.
99.	Олжабай батыр	–	(1709-1785 жж.) Жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақтың белгілі батыры.
100.	Құлсары батыр	–	(1708-1776 жж.) Батыр, әулие, мемлекет қайраткері, Абылай ханның сенімді серігі.
101.	Баян батыр	–	(1710-1757 жж.) Жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақтың батыры.
102.	Құлеке батыр	–	(1710-1771 жж.) Батыр, тарихи тұлға, мемлекет қайраткері, Абылай ханның сенімді серігі, оң қолы.
103.	Абылай хан	–	(1711-1781 жж.) Аса көрнекті қазақ ханы.
104.	Жасыбай батыр	–	(1716-1741 жж.) Жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақтың белгілі батыры.
105.	Ер Жәнібек батыр	-	(туған жылы белгісіз – 1792 ж.) Батыр, шешен. Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстарға белсене қатысқан.

106.	Қараменде би	–	(1720-1818 жж.) Тарихи тұлға, атақты би, шешен. Хан Абылайдың билігі кезінде өмір сүрген. Оның ерлігі мен батылдығы, шеберлік өнері мен тапқырлығы Қазыбек би, Абылайхан бағалаған.
107.	Бердалы Отарұлы	–	(1720-қ.б. жылы белгісіз) Қазақ батыры. Елші. XVIII ғасырдың 20-жылдары қазақтардың Маңғыстау жеріне түпкілікті қоныстануы жолында көп күш салып, жанын пида еткен Халық батыры.
108.	Қабылиса жырау	–	(1733-1824 жж.) ақын, жырау, батыр. Сүйінбай, Бақтыбай Жолбарысұлы, Қалқа Жапсарбайұлы Қабан жырауды ұстаз тұтқан. Жамбыл, Кенен Әзірбаев ақын туралы өз жырларында айтқан.
109.	Нияз би	–	(1741-1790 жж.) Абылай ханның бас билерінің бірі.
110.	Шал ақын	–	(1748-1819 жж.) Төкпе ақын.
111.	Бекет ата	–	(1750-1813 жж.) Ойшыл, әулие.
112.	Сапура Мәтенқызы	–	(1753 – 1776 жж.) Батыр, Ресей патшалығында шаруалар қолын бастап шыққан орыс әскерлеріне қарсы күресте аты аңызға айналған қолбасшы.
113.	Сырым батыр	–	(1723-1802 жж.) Қазақтың hас батыры.
114.	Бөкей хан	–	(туған жылы белгісіз – 1815 ж.) Әбілхайыр ханның немересі, Нұралы ханның баласы, Бөкей ордасының негізін салушы.
115.	Бөлтірік шешен	–	(1771-1854 жж.) Шешен, батыр.
116.	Қазанғап би	–	(1771-1856 жж.) Орта жүздің белгілі биі, шешен. Баянауыл сыртқы округінің бас сұлтаны болған.
117.	Айтуар би	–	(1783-1856 жж.) Атақты би. Бұрын облыс аумағында орналасқан Есбол болысында

			дүниеге келген. Жайық өңірінен шыққан қазақтың атақты билерінің бірі. Айтуар Алтын қорымында жерленген.
118.	Байзақ батыр	–	(1789-1864 жж.) Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы батыр.
119.	Асау Барақұлы	–	(1763-1866 жж.) Қазақ батыры. XIX ғасырдың I жартысында таптық таластарда халықты қорғаушылар қатарында болған, бейбіт өмірді жақтаған тарихи тұлға.
120.	Исатай батыр	–	(1791-1838 жж.) Қазақтың hас батыры.
121.	Жанқожа батыр	–	(1795-1859 жж.) Қазақ батыры. Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы.
122.	Александр Пушкин	–	(1799-1837 жж.) Белгілі орыс ақыны.
123.	Сегізбай Қалыбекұлы	–	(XYIIIғ.) Белгілі батыр, тархан, би. Сырым Датұлы бастаған Ұлт-азаттық қозғалысқа белсене қатысқан тарихи тұлға.
XIX-XXI ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР			
124.	Жәңгір хан	–	(1801-1845 жж.) Бөкей ордасының соңғы ханы, Әбілқайырдың шөбересі, Нұралының немересі.
125.	Кенесары хан	–	(1802-1847 жж.) Қазақ хандығының соңғы ханы. Қазақ халқының патшалық Ресейге, Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресін басқарушы.
126.	Дулат Бабатайұлы	–	(1802-1874 жж.) Көрнекті қазақ ақыны.
127.	Ағыбай батыр	–	(1802-1885 жж.) Белгілі қазақ батыры.

128.	Адольф Янушкевич	–	(1803-1857 жж.) Қазақ тарихы мен мәдениеті жөнінде бірқатар деректер мен жазбалар қалдырған поляк ақыны, этнограф.
129.	Есет батыр	–	(1803-1889 жж.) Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы.
130.	Махамбет Өтемісұлы	–	(1804-1846 жж.) 1836-38 жылдарғы ұлт-азаттық күрестің жетекшісі, ақын.
131.	Құнанбай	–	(1804-1886 жж.) Құнанбай Өскенбайұлы қазақ халқының қоғам қайраткері, би, Қарқаралы округының аға сұлтаны.
132.	Бөлек батыр (Тасыбайұлы)	–	(1805-1885 жж.) Батыр, би. Жоңғар-қалмақ басқыншыларына қарсы күрескен қазақтың батыры
133.	Шөже Қаржаубайұлы	–	(1808-1895 жж.) Халық ақыны, жыршы.
134.	Қожбанбет би	–	(1810-қ.б.жылы белгісіз) Белгілі би.
135.	Тарас Шевченко	–	(1814-1861 жж.) Белгілі украин ақыны.
136.	Сұраншы батыр	–	(1815-1864 жж.) Белгілі қазақ батыры.
137.	Тәттімбет	–	(1815-1865 жж.) Күйші, композитор.
138.	Сүйінбай жырау	–	(1815-1898 жж.) Қазақтың аса көрнекті ақыны.
139.	Шернияз Жарылғасұлы	–	(1817-1881 жж.) Халық ақыны, Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушы және оның жалынды жыршысы.
140.	Сегіз сері	–	(1818-1854 жж.) Ақын, әнші, күйші – сазгер.
141.	Шортанбай ақын	–	(1818-1881 жж.) Ақын.

142.	Құрманғазы	–	(1818-1889 жж.) Күйші, композитор.
143.	Мұса Шорманов	–	(1819-1884 жж.) Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, би.
144.	Тезек төре	–	(1820-1879 жж.) Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері.
145.	күйші Дәулеткерей	–	(1820-1887 жж.) Күйші, композитор.
146.	Фёдор Достоевский	–	(1821-1881 жж.) Орыс жазушысы, философ, публицист.
147.	Майкөт Сандыбайұлы	–	(1824-1902 жж.) Ақын. Сыр бойына, Жетісуға, Сарыарқаға аты шыққан. Майкөт қазақ қаһармандарын, Өтеген батырды жырға қосқан.
148.	Лев Толстой	–	(1828-1910 жж.) Белгілі орыс жазушысы.
149.	Мақаш Бекмұхамбетов	–	(1830-1904 жж.) Қоғам қайраткері, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, этнограф, күйші, тарихи тұлға, ағартушы ғалым.
150.	Мұхамед-Салық Бабажанов	–	(1832-1871 жж.) Этнограф, қоғам қайраткері, ағартушы.
151.	Біржан сал	–	(1834-1897 жж.) Әйгілі ақын, әнші, композитор.
152.	Шоқан Уәлиханов	–	(1835-1865 жж.) Қазақтың тұңғыш ғалымы.
153.	Майлықожа ақын	–	(1835-1898 жж.) Қазақтың халық ақыны.
154.	Григорий Потанин	–	(1835-1920 жж.) Белгілі өлкетанушы, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрін зерттеуші.
155.	Жаяу Мұса	–	(1835- 1929 жж.) Қазақ халқының әйгілі әнші-сазгері, ақын.
156.	Василий Радлов	–	(1837-1918 жж.) Академик, аса көрнекті түркітанушы.

157.	Жәмеңке Мәмбетұлы	–	(1838-1916 жж.) Батыр. Жетісудағы 1916 жылғы Қарқара көтерілісі жетекшілерінің бірі.
158.	Шахмұрат Құлыбеков	–	(1838-өлген жылы белгісіз) Ағартушы. Ақтөбе облысының аумағында 1864 жылы 25 қазанда Ырғызда алғашқы бастауыш қазақ мектебін ашқан.
159.	Дербісәлі Беркімбаев	–	(1839-1913 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері. Торғай өңіріне көп жылдар еңбегі сіңген тарихи тұлға.
160.	ЫбырайАлтынсарин	–	(1841-1889 жж.) Ағартушы, педагог.
161.	Марабай жырау	–	(1841-1898 жж.) Ақын, жырау.
162.	Мұхит Мерәліұлы	–	(1841-1918 жж.) Халық композиторы, әнші-ақын, күйші-домбырашы.
163.	Бақтыбай ақын		(1842-1902 жж.) Белгілі суырыпсалма ақын.
164.	Науан хазірет	–	(1843-1916 жж.) Ғалым-теолог, ағартушы.
165.	Құрбанғали Халид	–	(1843-1886 жж.) «Тауарих хамса (бес тарих)» атты тарихи этнографиялық еңбектің авторы. Қ.Халидтың аталмыш кітабында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, этнографиясы жан-жақты талданған.
166.	Сары Батақұлы	–	(1863-1893 жж.) Ақын, әнші. Өлеңдерінде әділетсіздікті, озбырлықты әшкерелегені үшін қуғынға ұшыраған.
167.	Мұрат Мөңкеұлы	–	(1843-1906 жж.) Айтыскер ақын, жырау.
168.	Ақан сері	–	(1843-1913 жж.) Әйгілі ақын, әнші, композитор.
169.	Ықылас Дүкенұлы	–	(1843-1916 жж.) Қазақтың атақты күйші қобызшысы, композитор.
170.	Жәлменде би	–	(1844-1901 жж.) би, шешен. Қапал уезінің аға сұлтаны
171.	Кердері Әбубәкіріұлы	–	(1861-1903 жж.) Ақын, жыршы. Өлең, толғаулары «Үш ғасыр жырлайды» «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында

			жарияланған. «Қазағым» атта жеке жинағы 1993 ж. жарық көрген.
172.	Абай	–	(1845-1904жж.) Қазақтың ұлы ақыны, философ.
173.	Сарышолақ Боранбайұлы	–	(1866-1928 жж.) Айтыскер ақын. Ақтөбе, Орынбор, Ор қалаларын аралап, Көкжар (Ойыл), Қарақамыс (Темір) жәрмеңкелерінде болып, өнер көрсетіп айтысқа түскен.
174.	Жамбыл	–	(1846-1945жж.) Қазақтың аса көрнекті ақыны.
175.	Қазанғап Тілепбергенұлы	–	(1854-1921 жж.) Белгілі күйші. Оның күйлері әр уақыттың саяси-әлеуметтік өзгерістерінен хабар береді.
176.	Нұржан Наушабаев	–	(1858-1919 жж.) Ақын. Шал ақынның жиені. Діни-ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі.
177.	Мұхамеджан Қарабаев	–	(1858-1928 жж.) Қазақтың тұңғыш кәсіби дәрігері. Қазан университетінен білім алған алғашқы қазақ. Орынбор, Қостанай, Түркістан, Ырғыз, Якутияда 40 жылдан астам дәрігер болған. Еліміздің денсаулық сақтау ісіне елеулі еңбек сіңірген.
178.	Мәшһүр Жүсіп	–	(1858-1931 жж.) Ақын, ағартушы, шежіреші.
179.	Шәкәрім	–	(1858-1931 жж.) Ақын, ағартушы, философ.
180.	Бақтыгерей Құлманов	–	(1859-1919 жж.) Алаш қайраткері, шығыстанушы ғалым.
181.	Аққөз батыр Қосанұлы	–	(1859-1921 жж.) 1916 жылғы Меркі (Әулие-Ата уезі) қазақтары ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі.
182.	Мұрын жырау	–	(1859-1954 жж.) Жырау.

183.	Үкілі Ыбырай	–	(1860-1930 жж.) Қазақтың халық сазгері, ақын-импровизатор, классикалық халық музыкасының өкілі.
184.	Бақытжан Қаратаев	–	(1860-1934 жж.) Қоғам қайраткері, заңгер.
185.	күйші Дина	–	(1861-1955 жж.) Күйші-композитор.
186.	Иманжүсіп Құтпанұлы	–	(1863 – 1929 жж.) Халық композиторы, ақын, әнші.
187.	Балуан Шолақ	–	(1864-1919 жж.) Балуан, әнші, композитор, ақын.
188.	Құрбанғали Сүйербаев	–	(1864-1947 жж.) Ағартушы, Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедовтың ұстазы.
189.	Шашубай Қошқарбаев	–	(1865-1952 жж.) Халық ақыны, әнші, композитор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері.
190.	Ақтан Керейұлы	–	(1850-1912 жж.) Белгілі қазақ ақыны. Өлең, толғаулары «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Ақберен», «Өсиет-нама», «Бес ғасыр жырлайды», «Жыр-Дария», «Абыл, Нұрым, Ақтаным» жинақтарында жарық көрген
191.	Барлыбек Сырттанұлы	–	(1866-1914 жж.) Қоғам қайраткері.
192.	Ақыт Үлімжіұлы	–	(1866-1940 жж.) Қазақ ақыны, халық ағартушысы.
193.	Әсет Найманбайұлы	–	(1867-1922 жж.) Атақты ақын, әнші, композитор.
194.	Тәңірберген Молдабай	–	(1858-1923жж.) Әнші-композитор. Өте биік, кең диапазонды әнші. Халық арасында «Молдабай» әні кең тараған. Теке, Ойылдағы Көкжар, Гурьев, Астрахань, Саратов, Самара, Қостанай, тағы басқа да жерлердегі жәрмеңкелерді ән айтып, көзге түскен.
195.	Серәлі Лапин	–	(1868-1919 жж.) Араб, парсы т.б. шығыс тілдерін жетік біліп, «Шаһнама», «Туһрат ал-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын зерттеген, Фирдаусидың «Шаһнамасын» қазақша тәржімалаған.

196.	Нұрпейіс Байғанин	–	(1860-1945 жж.) Қазақтың халық ақыны, импровизатор, Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері, ақын.
197.	Естай	–	(1868-1946 жж.) Белгілі халық композиторы, акын.
198.	күйші Мәмен	–	(1868-1931 жж.) Атақты күйші-композитор.
199.	Александр Затаевич	–	(1869-1936 жж.) Қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеуші.
200.	Әбдіғаппар хан	–	(1870-1919 жж.) 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі;
201.	Әлихан Бөкейхан	–	(1870-1937 жж.) Алаш қайраткері, мемлекет қайраткері.
202.	Қажымұқан	–	(1871-1948 жж.) Қазақтың әлемге әйгілі балуаны, классикалық күрестің шебері.
203.	Кейкі батыр	–	(1871-1923 жж.) Қазақ батыры.
204.	Ахмет Бірімжанов		(1871-1927 жж.) Алаш жұртының азаттығы үшін күрескен тұлға. Ресейдің I және II Мемлекеттік Думаларына депутат болып сайланып, Мұсылман фракциясы төрағасының орынбасары қызметін атқарған.
205.	Ахмет Байтұрсынұлы	–	(1872-1937 жж.) Алаш қайраткері, ағартушы, ғалым-лингвист.
206.	Мұхамеджан Сералин	–	(1872-1929 жж.) Ақын, белгілі журналист. Қазақтың тұңғыш қоғамдық-әдеби журналын (1911-1915) шығарушы, бас редакторы.
207.	Амангелді Иманов	–	(1873-1919 жж.) 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, халық батыры.
208.	Шаймерден Қосшығұлұлы	–	(1874-1972 жж.) Көрнекті Алаш қайраткері, меценат.

209.	Сәлімгерей Жантөрин	–	(1864-1926 жж.) Ұлт азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, меценат.
210.	Тимофей Седельников	–	(1876-1930 жж.) Саяси қайраткер. Орынбор губерниясынан сайланған 1-Мемлекеттік думаның депутаты. Ә. Бөкейхановпен бірге патша үкіметінің қазақ жерлерін күштеп тартып алуына қарсы күрескен қайраткер.
211.	Жақып Ақбаев	–	(1876-1934 жж.) Алаш қайраткері, заңгер.
212.	Айдархан Тұрлыбаев	–	(1877-1937 жж.) Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, заңгер, саяси қуғын-сүргін құрбаны.
213.	Қали Байжанов	–	(1877-1966 жж.) Әнші, Қазақстанның халық әртісі.
214.	Спандияр Көбеев	–	(1878-1956 жж.) Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі. Екі мәрте Ленин орденімен марапатталған.
215.	Мұхамеджан Тынышбайұлы	–	(1879-1937 жж.) Қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі.
216.	Мәди Бәпиұлы	–	(1880-1921 жж.) Қарқаралы) Белгілі халық ақыны, әнші-композитор.
217.	Шығанақ Берсиев	–	(1881-1944 жж.) Тары өсіруден рекордсмен. «Құрман» колхозының тары өсіру бойынша танымал қазақстандық шебері. Соғыс жылдары ол тары өнімділігі бойынша әлемдік рекорд орнатқан.
218.	Сейітқали Меңдешев	–	(1882-1937 жж.) Көрнекті мемлекет қайраткері.
219.	Тұрмағамбет Ізтілеуұлы	–	(1882-1939 жж.) Халық ақыны, аудармашы.

220.	Сүгір Әліұлы	–	(1882-1961 жж.) Қазақтың шертпе күй шебері, күйші-композитор.
221.	Халел Досмұхамедұлы	–	(1883-1937 жж.) Алаш қайраткері, тарихшы.
222.	Кенен Әзірбаев	–	(1884-1976 жж.) Қазақтың әйгілі халық ақыны, композитор.
223.	Міржақып Дулатұлы	–	(1885-1935жж.) Алаш қайраткері, жазушы.
224.	Жаһанша Досмұхамедұлы	–	(1886-1931 жж.) Алаш қайраткері.
225.	Қалқа Жапсарбаев	–	(1886-1976 жж.) Халық ақыны. 1908-1922 жылдар аралығында Қалқа атақты Қайрақбай, Омарбек, Кенен сияқты бірнеше ақындармен сөз сайысына түсіп, өнер сынында ұдайы суырылып алға шықты. 1945 жылы СССР Жоғарғы Советінің Президиумы «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қазақ ССР-сы мен Қазақстан Компартиясының 40 жылдық мерекесіне байланысты Қалқа Жапсарбаевқа «Халық ақыны» деген құрметті атақ берілді.
226.	Әміре Қашаубаев	–	(1888-1934 жж.) 1925 жылы Францияда, 1927 жылы Германияда өнер көрсеткен қазақ әншісі.
227.	Бұхарбай батыр	–	(Шамамен 1882, 1889 – қайтыс болған жылы белгісіз) Батыр, шешен. Кенесары көтерілісіне алғашқылардың бірі болып қатысқан.
228.	Жүсіпбек Аймауытұлы	–	(1889-1931 жж.) Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист.
229.	Аққағаз Досжанова	–	(1893-1932 жж) Қазақтың алғашқы дәрігер қызы. 1914 жылы Орынбордағы әйелдер гимназиясын, Мәскеу медицина курсын бітірген.

230.	Санжар Асфендияров	–	(1889-1938 жж.) Ғалым-тарихшы.
231.	Ораз Жандосов	–	(1889-1938 жж.) Мемлекет қайраткері.
232.	Жұмағали Тлеулин	–	(1890-1938 жж.) «Алаш» қозғалысының белді өкілі, дәрігер.
233.	Мұстафа Шоқай	–	(1890-1941 жж.) Алаш қайраткері, көрнекті саяси қайраткер.
234.	Сәдуақас Ғылмани	–	(1890-1972 жж.) Ел арасында Сәкен қалпе атанған көрнекті қоғам және дін қайраткері, аудармашы, хадисші, ақын.
235.	Ұзақбай Құлымбетов	–	(1891-1938 жж.) Кеңес одағының саяси қызметкері, Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті төрағасы, Қазақ КСР Орталық Атқару Комитеті төрағасы қызметтерін атқарған.
236.	Әлімхан Ермеков	–	(1891-1970 жж.) Алаш қайраткері, ғалым-математик.
237.	ЫбырайЖақаев	–	(1891-1981 жж.) Күріш өсіруші, 2 мәрте Социалистік Еңбек Ері.
238.	Нәзір Төреқұлов	–	(1892-1937 жж.) Көрнекті мемлекет қайраткері, дипломат.
239.	Елдес Омаров	–	(1892-1937 жж.) Қоғам қайраткері, ғалым (лингвист және математик), педагог, публицист және аудармашы. Таланты үшін қазақтың Ломоносовы деп атаған.
240.	Жұмат Шанин	–	(1892-1938 жж.) Белгілі режиссер, драматург, актер, Қазақ АКСР-інің халық әртісі.
241.	Мағжан Жұмабаев	–	(1893-1938 жж.) Көрнекті қазақ ақыны, жазушы.
242.	Сұлтанмахмұт Торайғыров	–	(1893-1920 жж.) Көрнекті қазақ ақыны, жазушы.

243.	Қалибек Қуанышбаев	–	(1893-1968 жж.) Актер, қазақ ұлттық профессионалды театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі.
244.	Қамар Қасымов	–	(1893-1966 жж.) ҚазКСР еңбек сіңірген өнер қайраткері. Қазақ музыка аспаптарын дамытуға зор үлес қосқан теңдессіз шебер. Түрлі халықаралық дейгейдегі көрмелерге қатысқан қазақтың тұңғыш қолөнер шебері. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.
245.	Тұрар Рысқұлов	–	(1894-1938 жж.) Көрнекті мемлекет қайраткері, дипломат.
246.	Сәкен Сейфуллин	–	(1894-1938 жж.) Қазақтың көрнекті ақын-жазушысы, мемлекет қайраткері.
247.	Бейімбет Майлин	–	(1894-1938 жж.) Көрнекті қазақ жазушысы.
248.	Ілияс Жансүгіров	–	(1894-1938 жж.) Көрнекті қазақ ақыны.
249.	Телжан Шонанұлы	–	(1894-1938 жж.) Алаш қайраткері.
250.	Нығмет Нұрмақов	–	(1895-1937 жж.) Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламгер публицист.
251.	Жазылбек Қуанышбаев	–	(1896-1986 жж.) Шопан, малшы-селекционер, 2 мәрте Социалистік Еңбек Ері. Қой тұқымын асылдандыру жұмысымен айналысып, қаракөл қойын өсіреді.
252.	Серәлі Қожамқұлов	–	(1896-1979 жж.) Актер, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін салушылардың бірі. Қазақстанның халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері.
253.	Александр Сызғанов	–	(1896-1980 жж.) Медицина саласында іргелі ғылыми зерттеулер жүргізген, еліміздегі бірқатар ірі денсаулық ұйымдарының негізін қалаған белгілі ғалым.

254.	Қошке Кемеңгерұлы	–	(1896-1937 жж.) Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы,журналист.
255.	Мұхтар Әуезов	–	(1897-1961 жж.) Әлемге танымал қазақ жазушысы.
256.	Темірбек Жүргенов	–	(1898-1939 жж.) Көрнекті мемлекет қайраткері.
257.	Әли Исаев	–	(1898-1975 жж.) Социалистік Еңбек Ері.
258.	Сұлтанбек Қожанов	–	(1899-1938 жж.) Көрнекті мемлекет қайраткері.
259.	Құдайберген Жұбанов	–	(1899-1938 жж.) Қазақ тілі білімінің негізін қалаушылардың бірі, түркітанушы, педагог-ағартушы, профессор.
260.	Қамбар Медетов	–	(1901-1938 жж) Күйші, Қазақ филармониясына өзіндік үлес қосқан. Медетовтің репертуарында «Жошы-хан», «Боғда», «Шалқыма», «Алтынай», «Арынғазы», «Ел айырылған», «Қарасай» т.б. күйлері бар. Оның орындауында «Ақсақ құлан», «Қара жорға» күйлері пластинкаға жазылып алынды. А.В. Затаевич күйшінің орындаушылық шеберлігін жоғары бағалаған.
261.	Қаныш Сәтбаев	–	(1899-1964 жж.) Қазақ КСР ҒА-ның тұңғыш президенті, аса көрнекті геолог-ғалым.
262.	Елубай Өмірзақов	–	(1899-1974 жж.) Актер, ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақ АКСР-інің халық әртісі.
263.	Смағұл Сәдуақасұлы	–	(1900-1933 жж.) Мемлекет, қоғам, мәдениет қайраткері.
264.	Иван Корнев	–	(1900-1964 жж.) Кеңес Одағының Батыры.
265.	Сәбит Мұқанов	–	(1900-1973 жж.) Көрнекті қазақ жазушысы.

266.	Нәби Жақсыбаев	–	(1912-1975 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚазКСР Түсті металлургия өнеркәсібін өркендетушілердің бірі. Социалистік Еңбек Ері, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орденінің иегері.
267.	Манарбек Ержанов	–	(1901-1966 жж.) Әнші, композитор, күйші, актер, Қазақстанның халық әртісі.
268.	Абдолла Жанұзақов	–	(1918-1944 жж.) Кеңес Одағының Батыры.
269.	Сабыр Рахимов	–	(1902-1945 жж.) Кеңес Одағының Батыры.
270.	Жұмабай Шаяхметов	–	(1902-1966 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері.
271.	Ғабит Мүсірепов	–	(1902-1985 жж.) Көрнекті қазақ жазушысы.
272.	Қали Жантілеуов	–	(1902-1970 жж.) Әнші, домбырашы-күйші. Қазақстанның халық әртісі.
273.	Ғабиден Мұстафин	–	(1902-1985 жж.) Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері.
274.	Шахзада Шонанова	–	(1903-1938 жж.) Педагог-әдіскер, 20 ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі, сталиндік репрессия жылдарында атылған бірден-бір қазақ қызы.
275.	Сәрсен Аманжолов	–	(1903-1958 жж.) Қазақ филологиясының көрнекті қайраткері қазақ совет тіл білімінің негізін салушылардың бірі, белгілі түрколог, филология ғылымының докторы.
276.	Әлкей Марғұлан	–	(1904-1985 жж.) Танымал қазақ тарихшысы, археолог-ғалым, академик.
277.	Әбілхан Қастеев	–	(1904-1973 жж.) Қазақтың халық суретшісі.
278.	Жүсіпбек Елебеков	–	(1904-1977 жж.) әнші, Қазақстанның халық әртісі.

279.	Нұртас Оңдасынов	–	(1904-1989 жж.) Көрнекті мемлекет қайраткері. ҚазақКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.
280.	Қапан Бадыров	–	(1904-2000 жж.) Актер, Қазақстанның халық әртісі, Қазақ театрының іргесін қаласқан өнер саңлақтарының бірі.
281.	Евгений Брусиловский	–	(1905-1981 жж.) Қазақ КСР әнұранының авторы.
282.	Қанабек Байсейітов	–	(1905-1979 жж.) Әнші, актер, режиссер, драматург. Қазақстанның халық әртісі.
283.	Құрманбек Жандарбеков	–	(1905-1973 жж.) Қазақстанның халық әртісі. Әнші, актер, режиссер, педагог, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін салушылардың бірі.
284.	Әуелбек Қоңыратбаев	–	(1905-1986 жж.) Ғалым, түркітанушы.
285.	Әбу Сәрсенбаев	–	(1905-1995 жж.) Халық жазушысы.
286.	Нұрмолда Алдабергенов	–	(1906-1967 жж.) Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері.
287.	Ахмет Жұбанов	–	(1906-1968 жж.) Қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, Қазақстанның халық әртісі, академик.
288.	Шахмет Хұсайынов	–	(1906-1972 жж.) драматург, жазушы.
289.	Латиф Хамиди	–	(1906-1983 жж.) Композитор, ҚазССР халық әртісі.
290.	Кәрім Мыңбаев	–	(1906-1948 жж.) академик, қазақтан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы.
291.	Мәриям Хәкімжанова	–	(1906-1995 жж.) Ақын, ҚР-ның халық жазушысы (1986). Еңбек Қызыл Ту, 2 рет

			“Құрмет белгісі” ордендерімен марапатталған.
292.	Ақжан Әл-Машани	–	(1906-1997 жж.) Ғалым, Қазақстанда геомеханиканың негізін салушы, жазушы.
293.	Жамал Омарова	–	(1912-1976 жж.) Әнші, Қазақстанның халық әртісі.
294.	Сабыр Ниязбеков	–	(1912-1989 ж.ж.) Мемлекет қайраткері.
295.	Моисей Гендельман	–	(1913-2005 жж.) Экономика ғылымының докторы, профессор. ҚазКСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.
296.	Өтеген Тұрмағамбетов	–	(1918-1998 жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері. «Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін», 2 мәрте «Қызыл жұлдыз», «Александр Невский», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері.
297.	Қажым Жұмалиев	–	(1907-1968 жж.) Жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясының академигі.
298.	Ғали Орманов	–	(1907-1978 жж.) Белгілі ақын.
299.	Мұқамеджан Әбдіқалықов	–	(1907-2006 жж) Қоғам және мемлекет қайраткері. 1938-1941 жылдары ҚазКСР оқу халық комиссары, ҚазКСР Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары болған. КСРО Жоғарғы Кеңесінің, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту ордені, 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.
300.	Тайыр Жароков	–	(1908-1965 жж.) Ақын, аудармашы. Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыру хатшысы.

301.	Хамза Есенжанов	–	(1908-1974 жж.) Жазушы. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.
302.	Мартбек Мамыраев	–	(1908-1989 ж.ж.) Кеңес Одағының Батыры. Гвардия аға сержанты, 12-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 32-ші гвардиялық атқыштар полкінің пулемет командирі.
303.	Мырзақадыр Нұрбаев	–	(1909-1962 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері. Екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған. Он жылдан астам Әділет министрі, Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы болып қызмет атқарған.
304.	Сақтаған Бәйішев	–	(1909-1982 жж.) Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР еңбегі сіңген қайраткер. Көрнекті экономист, тарихшы, экономика ғылымдарының докторы, профессор.
305.	Қожабай Жазықов	–	(1920-1982жж.) Кеңес Одағының батыры.
306.	Қонырбай Құдагелдинов	–	(1909-1985жж.) Кеңес Одағының Батыры.
307.	Ишанбай Қарақұлов	–	(1909-1992 жж.) Ғалым-эпидемиолог, медицина ғылымының докторы, КСРО Медицина ғылымдары академиясының академигі.
308.	Ғарифолла Құрманғалиев	-	(1909-1993 жж.) Қазақстан Республикасының мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер, әнші (тенор), Қазақ КСР халық әртісі.
309.	Әбділдә Тәжібаев	–	(1909-1998 жж.) Көрнекті ақын, драматург, ғалым, белгілі қоғам қайраткері.
310.	Сафи Өтебаев	–	(1909-2007 жж.) Қазақстан мұнай өнеркәсібін ұйымдастырушылардың бірі. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, КСРО-ның Құрметті мұнайшысы.

311.	Төлеген Тәжібаев	–	(1910-1964 жж.) Қазақ КСР-і Ғылым академиясының академигі. Қазақтың тұңғыш психолог-ғалымы, мемлекет және қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
312.	Бауыржан Момышұлы	–	(1910-1982 жж.) Кеңес Одағының Батыры, әскери қолбасшы, майдангер жазушы.
313.	Мұхамеджан Қаратаев	–	(1910-1995 жж.) Әдебиет зерттеушісі, Қазақ КСР Халық жазушысы, профессор, Қазақ КСР ҒА-ның академигі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері.
314.	Қасым Аманжолов	–	(1911-1955 жж.) Қазақтың дауылпаз ақыны.
315.	Орынбек Жәутіков	–	(1911-1989 жж.) Белгілік математик ғалым.
316.	Күләш Байсейітова	–	(1912-1957 жж.) Әнші, қазақ опера өнерінің негізін қалаушылардың бірі.
317.	Зейін Шашкин	–	(1912-1966 жж.) Жазушы, драматург, ғалым.
318.	Ілияс Омаров	–	(1912-1970 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, жазушы, публицист.
319.	Әли Рысдаулетов	–	(1912-1987 жж.) КСРО және Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген.
320.	Шара Жиенқұлова	–	(1912-1991 жж.) Биші, Қазақстанның халық әртісі.
321.	Лев Гумилев	–	(1912-1992 жж.) тарихшы-этнолог, шығыстанушы, тарих және география ғылымдарының докторы, жазушы және аудармашы.

322.	Жұмағали Саин	–	(1912-1961 жж.) Ақын.
323.	Дінмұхамед Қонаев	–	(1912-1993 жж.) Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.
324.	Байжомарт Дәндібаев	–	(1912-1995 жж.) Белгілі педагог. Алматы облысы Қаратал ауданы Үштөбе станциясында кедей шаруа жанұясында дүниеге келген. «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Құрмет белгісі» ордені, «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озат қызметкері» значогы, «I дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Соғыстағы ерлігі үшін» медалі, «Еңбек ардагері» медальдарының иегері.
325.	Шапық Шөкин	–	(1912-2003 жж.) көрнекті қазақ энергетигі, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының академигі.
326.	Мұқан Төлебаев	–	(1913-1960 жж.) қазақтың аса көрнекті композиторы, қоғам қайраткері, КСРО халық әртісі.
327.	Рахметолла Райымқұлов	–	(1913-1978 жж.) Белгілі жазушы.
328.	Қалижан Бекхожин	–	(1913-1990 жж.) Ақын, драматург.
329.	Шәкен Айманов	–	(1914-1970 жж.) Қазақ киномотографиясының негізін қалаушы, Қазақстанның халық әртісі.
330.	Маты Құсайынов	–	(1914-2001 жж.) – Қаз КСР халық білім беру үздігі, білім ардагері, Ұлы Отан соғысына қатысушы.
331.	Жәмила Шашкина	–	(1914-2009 жж.) Танымал актриса, әнші, халық әртісі.
332.	Мәлік Ғабдуллин	–	(1915-1973 жж.) Кеңес Одағының Батыры.

333.	Ермұхан Бекмаханов	–	(1915-1986 жж.) Қазақтың көрнекті тарихшысы.
334.	Жұмабек Тәшенев	–	(1915-1986 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері.
335.	Ілияс Есенберлин	–	(1915-198 жж.) Көрнекті жазушы, тарихи романдардың авторы.
336.	Асқар Тоқпанов	–	(1915-1994 жж.) Қазақтың тұңғыш кәсіби режиссері, педагог-профессор. Қазақ КСРнің Халық әртісі.
337.	Әбілқас Сағынов	–	(1915-2006 жж.) Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері.
338.	Төлеутай Ақшолақов	–	(1915-2010 жж.) Педагог-ғалым, әдіскер-ұстаз. Педагогика ғылымының докторы, профессор, «Қазақ тілі мен әдебиет» журналының тұңғыш редакторы. Көптеген әдістемелік оқу құралдары, зерттеу, монографиялардың авторы.
339.	Иван Яроцкий	–	(1916-1980 жж.) Кеңес Одағының Батыры. Ленин орденін және "Алтын Жұлдыз" медалінің иегері.
340.	Сүлеймен Ибрагимов	–	(1916-1980 жж.) ҰОС ардагері. «Даңқ» орденімен, «Красного Замени» ордені, «Ұлы Отан соғысы» I және II дәрежелі орденімен марапатталған.
341.	Баубек Бұлқышев	–	(1916-1944 жж.) Қазақтың белгілі жазушысы.
342.	Шоқыр Бөлтеков	–	(1916-1994 жж.) Қазақтан шыққан тұңғыш боксшы, «қазақ боксының атасы». Қазақстанның еңбегі сіңген жаттықтырушысы.
343.	Хамит Ерғалиев	–	(1916-1997 жж.) Қазақ ақыны, Қазақстанның халық жазушысы.
344.	Сергей Седнев	–	(1917-1975 жж.) Кеңес Одағының Батыры.

